

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 А ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.12.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1.ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларын жаңарту туралы

Тыңдалды:

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. Ғылым және жоғары білім министрлігі 11 желтоқсанда AI-Sana инновациялық жасанды интеллект бағдарламасын ұсынды. Бұл бастама елдің ғылыми-технологиялық дамуына жаңа серпін бере отырып, білікті кадрларды даярлау және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. AI-Sana – бұл студенттер арасында жасанды интеллект дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған бірегей бағдарлама. Ол 100 мың қатысушыны қамти отырып, ұлттық экономиканың әлеуетін ашуға және технологиялық кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Осы бағдарлама аясында 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы мен 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларын қайта қарап, білім беру бағдарламаларына жасанды интеллект мүмкіндіктері мен математиканы байланыстыратын пәндерді ендіру керектігіне тоқталды.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов алды:

Ғылым және жоғары білім министрлігі 11 желтоқсанда ұсынған AI-Sana бағдарламасы жаһандық тәжірибе мен жергілікті қажеттіліктерді біріктіруге мүмкіндік беретін озық білім мен ең жақсы тәжірибеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

AI-Sana білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіруді қамтиды:

- ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру.
- Экономиканың негізгі салаларына ЖИ енгізу үшін мамандар даярлау.


Бағдарлама жоғары оқу орындарына дәстүрлі білім беру форматынан ғылыми-зерттеу форматына көшуге мүмкіндік бере отырып, оқыту мен зерттеу тәсілдерін түрлендіруге бағытталғандығын ескере отырып, 6B05449-Математика білім беру бағдарламасына “Математика оқытуда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері”, 7M05426-Математика білім беру бағдарламасына «Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары» атты пәндерді ендіруге болатындығын атап өтті.

Білім беру бағдарламаларын жаңартуда аталған екі пәннің де білімгерлер үшін ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру ықпалы бар екендігіне ерекше тоқталды.

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Құрметті АК мүшелері білім алушыларға білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіру мақсатында математиканы жасанды интеллект мүмкіндіктерімен интеграциялау арқылы заманауи технологиялық дағдыларды игеруге ықпалы бар ететіндігін тілге тиек етті. Алдағы уақытта осы жұмыстар негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту барысындағы жұрмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.


Шешім: ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында 6B05449-Математика білім беру бағдарламасына “Математика оқытуда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері”, 7M05426-Математика білім беру бағдарламасына «Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары» атты пәндер ендіруге ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов